

САЛИҚАЛЫ ОЙЛАРДЫҢ САЛМАҒЫ

Еркін ҚҰРМАНБАЕКОВ, облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры:

— Елбасының бір топ қазақ тілді газеттерге берген сұхбаты жұртшылықпен қатар мәдениет, тарих саласында тер төгіп жүрген азаматтар үшін ерекше құнарлы болды. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы туралы пікірі тарихи-өлкетану музейі қызметкерлеріне айрықша әсер қалдырды. Мәселен біздің облыстағы тарихи ескерткіштердің қойылуы көкейтесті мәселе болып табылады. Осы тұрғыда біздің жеріміздегі бірқатар ескерткіштердің көркемдік дәрежелерінің төмен екендігін айтпасқа болмас. Болашақта біздің ұлы бабаларымызға немесе тарихи оқиғаларға байланысты ескерткіштердің өркениетті дәрежеде және көркем шығарма дәрежесінде қойылғаны дұрыс деп есептеймін. Біздің тарихымызды, бабаларымызды асқақтатуға, ардақтауға арналған ескерткіштердің маңызы жөнінде Елбасы көңілге қонымды ойын айтты.

Елбасы айтқан Алаш асылдарының тарихи рөлін анықтау үшін біздің музейдің қызметкерлері Алматы мен Орынбордағы музейлерге барып, ізденді. Олардың әрқайсысына арналып экспозиция жасалды. Президенттің Алашты ұлықтау арқылы ұрпақты тәрбиелеу, елдікті анықтау туралы ойын толықтай қуаттаймын. Алаш қозғалысына біздің облыстан шыққан азаматтардың еңбегі орасан болғандығына тарих куә. Ол елдік, мемлекеттік тұрғыда қайта жаңғыруы керек.

Болашақта, Елбасы айтқандай, Наурыз мейрамын көшедегі думаннан әрбір шаңыраққа жақындатуға жамағат болып ат салысуымыз керек. Наурыз жыл басы ретінде халықтың құда-құдағайларымен, ағайын туғандарымен қауышу мерекесі болуы керек. Ұлттық мейрам ретінде тіршілікке өнгені дұрыс.

Ал ономастикаға келсек, Президент айтқандай, «атамның аты ауылға, көкемнің аты көшеге» деген ұғымнан арылған жөн. Өкінішке орай, бұндай көрініс біздің облысымызда кездесіп отырады. Ал көше, елді мекен атаулары бүкіл қазаққа танымал адамдар атымен аталса, замана желі, замана дауылына төтеп берер еді. Ал ағайындықпен қойылған атаулардың уақыт өте өшіп қалатындығы ақиқат.

Ең бастысы, Елбасы айтқан мәселелердің салмағының бөлектігі. Енді Президент айтқан мәселелердің шешілу күші, орындалу қуаттылығы болуын күтеміз.